

Работа над электронным пособием ведется в течение года и за время апробации нами отмечено, что учащиеся 10-11 классов показывают более прочные и глубокие знания по пройденным разделам математики. Его использование также позволило интенсифицировать процесс обучения. По мнению авторов, данное пособие дает возможность учащимся качественно готовиться к дальнейшему обучению, как в передовых вузах нашего государства, так и зарубежных. Позволяет быстрее адаптироваться к обучению математике в полиязычном образовательном пространстве.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. – М.: Академия, 2003 г.
2. Петровских С.А. Использование информационных и коммуникационных технологий при изучении стереометрии в общеобразовательной школе. – Барнаул: 2004 г.
3. Персианов В.В. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: образовательный сайт. – Тула, 2007 г.
4. Селевко Г.К. Информационные технологии в школе. – Ярославль ИРО, 2003.
5. Митенев Ю.А. Использование информационно-коммуникационных технологий в обучении математики. Журнал «СПО» № 6, 2011 г.
6. Чеснокова О.В. Delphi 2007. Алгоритмы и программы. Учимся программировать на Delphi 2007. – М.: ИТ Пресс, 2008 г.
7. Архангельский А.Я., Тагин, М.А. Программирование в С++Builder 6 и 2006 [Текст] / М.: ООО “Бином-Пресс”, 2008 г.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

METHODOLOGICAL PECULIARITIES OF THE DEVELOPMENT OF THE STUDENTS ARE INTERESTED IN TEACHING MATHEMATICS

Жусупова А.Т.

Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау Мемлекетік Университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Қазақстан Республикасындағы басты мәселелердің бірі – жастарға сапалы білім беру. Қазіргі күн тәртібіндегі өзекті болып табылатын мәселе – оқушылардың әрқайсысының өзіндік қабілетін, мінезін танып, жетілдіріп, сол бағытта жеке тұлғаларды тәрбиелеу.

Орта мектеп бағдарламасындағы негізгі пәндердің бірі – математика. Математика сабағында оқушылардың осы пәнге деген қызығушылығын, құштарлығын арттыру, алдына қойылған есеп шешімін өз бетінше табуын жетілдіру, ойлау деңгейін, қабылетін жоғарылату ұстаздың басты міндетті.

Тағылымды танудың жолы – ойланту, ізденту. Үлгімен атқарылған саналы түрдегі ойлы іс, танымды жетілдіріп, ұғымның арнасын кеңейтіп, тәлім – тәрбиеге бастайды. Өз тәжірибесіне сүйену негізінде жүзеге асқан әрекет шәкірттің зеректігі мен тапқырлығын жебеп, танымдық мағлұматты терең сезініп қабылдауға, еске сақтауға және нәтижесінің жүзеге асуына ұйтқы боларлық және ықпал ететін жол.

Математика сабағын жүргізгенде әр түрлі тәсілдерді тиімді пайдалана білу керек. Білім беруді ізгілендіру, оқыту әдістерін жетілдіруді, дамыта оқыту әдістері мен тәсілдерінің тиімді пайдалануын талап етеді.

Берілетін білімнің беріктігі шәкірттің шамасына лайықтылығы мен жүйелігіне байланысты, оқушының көңілін әр нәрсеге алаңдата бермей, олардың зейінін нақты бір мәселеге тиянақты бағдарлаа, математиканы игерту нәтижелі болады.

Оқыту барысында шәкірттің білім деңгейін, ойлау қарқынын, есте сақтау мүмкіндігін

және дербестігін ескеру керек .

Теориялық ұғым тиісті деректер арқылы дәлелденіп, шәкірттің сенімімен қабысса, оның нәтижесі де зор болады. Қандай жағдайда да білімділік, мейрімділік қасиеттерді ойға қондырып, бойға дарыту тиісті әрекет арқылы қалыптасады. Оның өзі пайымдаумен байланысты, “адамның бойында ойлану, толғану, еске түсіру, ой тұжырымдауға талпыну, аңсау сияқты табиғи қасиеттер пайда болады.”

Оқушыларды математиканы оқуға қызықтырып тарту үшін қолайлы жағдайлар туғызу қажеттігі. Оқуға қызықтырудың басты шараларының бірі – нәтижеге жетуге ынталандыру.

Математика бойынша факультативтер, үйірмелер, әр түрлі деңгейдегі олимпиадалардың жүргізілуі оқушылардың осы пәнге деген қызығушылығын арттырады, өз беттерінше үйренуге, ойлануға жетелейді. Математика ғылымның қыр – сырын жүйелі түрде меңгеру логикалық, стандартты емес есептерді шеше алмаса мүмкін емес.

Оқушыларға осындай есептерді шешуді үйретуді бастауыш класстардан бастау керек.

Есеп шығару – практикалық өнер, оны үйрену үшін тұрақты машықтану керек. Есеп оқушының ойын оятады, оның ойлану қабілетін белсендіреді.

Есеп шығару ақылдың грамматикасы болып саналады.

Математика сабағында, үйірмелерде оқушылардың ойлану қабілетін дамыту, ынтасын, қызығушылығын, өз бетінше жұмыс істеуін арттыру мақсатында оқулықтағы әр түрлі деңгейдегі есептермен қатар логикалық, стандартты емес есептерді шығарудың маңызы зор.

Математика пәнін оқыту үрдісінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты жүйелі түрде пайдаланып оқушылардың интеллектін, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады. Жалпы білім беретін мектеп оқушылардың тиянақты білім алуын мақсат ете отырып, оларды өз бетінше білімдерін толықтыру, жаңа білімдерді алу тәсілдерімен қаруландыру, алған білімдерін теориялық және практикалық мәселелерді шешуге саналы түрде қолдана білу керек.

Басқа да пәндерін сияқты мектепте математика пәнін оқытудың ұзақ жылдардан бері аса өзгеріске ұшырамай қалыптасқан дәстүрлі түрі бар. Оның маңызын жоққа шығаруға болмайды. Бұл тәсіл оқытудың негізгі болып қала береді. Дегенмен ұзақ уақыт бір ғана тәсілді қолдану, әсіресе сабаққа ынтысы нашар шәкірттерді жалықтыратындағы белгілі. Осыны ескере отырып, оқытушылар қауымы сабақ беру тәсілдерін үнемі өзгертіп отырады. Атап айтқанда сабақ берудің дәстүрлі емес тәсілдерін жиі қолданады. Бірақ дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру дайындау өте көп уақытпен жігерді, ізденуді қажет ететін ауыр жұмыс.

Математика сабағын тартымды, қызықты есептер шығаруды ойды дамытып тартымды әрекетке айналдыру мұғалімнің бүгінгі күнгі басты міндеті болу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Рахымбердиев А. Оқушыларды математикаға қызықтыру. – Математика және физика журналы. – №2. – 2009.
2. Қабиева Ж.И. Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру арқылы бала қабілетін ашып, кәсіптік бағдар беру. – Педагогика мәселелері. – №1. –2010.
3. Нұртазаева Н. Деңгейлеп оқыту технологиясын оқушылардың дара қасиетін дамытудағы педагогикалық ерекшеліктері. – Бастауыш мектеп. – №4. – 2010.
4. Молдахметова Р. Деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалану. – Бастауыш мектеп. – №2. – 2010.